

Дұрыс таңдау жасау үшін мына қарапайым кеңестер

1.Болашақ мамандығыңыздан не қалайтыныңызды ойлаңыз.

Кім болғыңыз келетінін, немен айналысуды ұнатасыз, неге қол жеткізгіңіз келетінін, қандай қызмет саласында жұмыс істеген қызықты, жоғары жалақы қаншалықты маңызды екенін анықтаңыз.

2.Сіз қандай жұмысқа бейімдісіз, қабілеттеріңізді, қызығушылығының бен ынтаңызды ескеріңіз.

Қызығушылық дегеніміз – затты немесе құбылысты білуге, оны зерттеуге ұмтылу. Бейімділік – белгілі бір қызметпен айналысуға ұмтылу. Қызығушылықтар мен бейімділік сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі мүмкін. Қызығушылық адамды білім алуға итермелейді, ой-өрісін кеңейтеді, мамандықты меңгеру жолындағы кедергілерді жеңуге көмектеседі.

Сондай-ақ, кәсіби қызметте табысқа жету үшін сізге ұнайтын жұмыс түріне қабілеттілік қажет. Ал қабілет дегеніміз – кез келген іс-әрекеттің табысты болуын, осы әрекетті игеріп, меңгерудің жеңілдігін қамтамасыз ететін тұлғаның жеке ерекшеліктері. Өз қабілетін білмеу және оны мамандық талаптарымен байланыстыра алмау дұрыс емес таңдауға әкеледі. Көптеген хобби мен қызығушылықтар еңбек нарығындағы ұсыныстармен сәйкес келеді. Мысалы, компьютерлік ойындарды ойнағанды ұнататын болсаңыз, сіз ойын дизайнері немесе IT маманы бола аласыз. Егер сіз сурет салуды немесе өнерді ұнатсаңыз, дизайнер немесе сәулетші мамандығын үйренуге болады. Егер сіз спортпен айналысуды ұнатсаңыз, жаттықтырушы қызметін қарастырыңыз. Сіз химияны жақсы көретін болсаңыз, болашақта сіз фармацевт бола аласыз. Тамақ жасау қабілеті сияқты дағдыларды аспаз немесе кондитер сияқты кәсіпке айналдыруға болады.

3.Денсаулық жағдайыңызды ескеріңіз.

Денсаулығыңызға байланысты сізге істеуге болмайтын мамандықты таңдамас үшін міндетті түрде дәрігермен кеңесіңіз. Белгілі бір физикалық сипаттарды және денсаулық жағдайын білмеу – мамандық таңдауда зиян келтіруі мүмкін. Қазіргі уақытта белгілі бір мамандықтарды алуға көптеген қарсы көрсеткіштер бар. Мысалы, жүрегі ауырыптан адамдар, ұшқыш бола алмайды. Ал аллергиямен ауыратындар химик немесе шаштараз болып жұмыс істей алмайды. Сондықтан денсаулық жағдайының барлық ерекшеліктерін білу қажет.

4.Еңбек нарығына талдау жасаңыз.

Қазіргі уақытта қандай мамандықтар сұранысқа ие екені туралы мүмкіндігінше мол ақпарат жинаңыз. Бес жылдан кейін, оқу бітірген кезде қандай жұмыс орындары сұранысқа ие болатынын ойланыңыз. Бұл жағдайда ең жақсы көмекші бұқаралық ақпарат құралдары, жұмысқа орналасу сайттары. Сондай-ақ, мамандық туралы жақсы білетін мамандардың кеңесіне құлақ асыңыз.

5.Қаржылық жағдайыңызды талдаңыз.

Мамандықты меңгеру сіздің қаржылық жағдайыңызға да байланысты болуы мүмкін. Сіз ақылы бөлімде оқи аласыз ба, соны ойлаңыз. Бұл мәселені отбасылық кеңесте талқылаңыз. Оқыту құны сізге ауыртпалық салмас үшін қаржылық мүмкіндіктерді де ескеру қажет.

6. Кеңес тыңдаңыз, бірақ таңдауды өзіңіз жасаңыз.

Көбіне ата-анаңыз мен достарыңыздың пікірі болашақ мамандықты таңдауға әсер етеді. Олардың нақты тәртібіне қарай мамандық таңдауға болмайды. Сіз тек

олардың пікірін тыңдай аласыз, бірақ мамандық таңдау сіздің жеке ісіңіз. Әрине, бір шаңырақтағы бірнеше ұрпақ бір салада еңбек етіп жатқан жағдайлар бар. Бірақ адамның белгілі бір кәсіпке бейімі мен қабілеті болмаса, ол ешқашан жоғары білікті маман бола алмайды. Өз өміріңіздегі күрделі мәселені өзіңіз шешуді үйренуіңіз қажет.

7.Сізді қызықтыратын мамандық бойынша жұмыс істейтін адамдармен сөйлесіңіз.

Сізді қызықтыратын мамандықтар туралы көбірек біліңіз. Сізді қызықтыратын мамандықтар туралы түрлі мамандық өкілдерінен сұраудан ұялмаңыз. Олар қызмет саласы туралы құнды ақпараттармен бөлісе алады, өзіңізге ұнайтын мамандықтың артықшылықтары мен қиындықтары туралы айта алады. Сізге ұнайтын мамандықтарды оқытатын оқу орындарына барып, танысып көріңіз. Міндетті түрде ашық есік күндеріне барыңыз. Бұл болашақ мамандыққа қатысты маңызды ақпаратты бере алады.

Мамандықты қалай таңдау керек?

1. Алдымен елімізде бар мамандықтардың тізімін жасау қажет. Солардың ішінен ұнамайтындарын сызып тастаңыз. Өзіңізге ұнайтындарының біреуін таңдап, сол мамандық жайлы досыңызға жарнама жасап көріңіз. Мысалы, дәрігер, экономист, сатушы, т.б. Егер дұрыс, жан-жақты сипаттай алмасаңыз, онда бұл мамандық сізге ұнамайды деген сөз. Яғни, бұл әдіс аталған мамандықтың ұнайтын-ұнамайтынын анықтау үшін жасалынады.

Осы мамандық бойынша жұмыс жасап жүргеніңізді толық елестетіңіз:

- **Ұнамсыз жақтарына көндігер ме едіңіз?** Мәселен, жұмыстан кеш шаршап шығу, аз көлемдегі жалақы немесе жоғарғы жалақы, алайда үнемі іссапарда жүру керек, т.с.с.

- Болашақ отбасыңыз бұған қалай қарар екен?

2. Сіздің хоббиіңіз қандай? Сіз оны мамандыққа айналдыра алар ма едіңіз? Оған деген сұранысты қалай арттыруға болады? Мысалы, сурет салуға икеміңіз болса, өзге суретшілерден озық тұру үшін, компьютерде салуға және балалар әдебиетін көркемдеуге үйреніңіз. Себебі балалар әдебиеті үнемі сұранысқа ие.

3. Сәнге айналған мамандыққа жүгірмеңіз. Мысалы, жас қыздардың көбі модель болуды армандайды. Бұл түсінікті де. Біріншіден, үнемі теледидардан көрсететіндіктен атақ-даңқы жайылады. Екіншіден, әдемі болып жүреді. Үшіншіден, дүниежүзін аралайды. Төртіншіден, жалақысы жоғары. Алайда бұл мамандықтың да өз қиыншылықтары бар.

4. Мамандықтың жаманы жоқ. Мысалы, сіздің ас пісіруге ебіңіз бар, тіпті ләззат аласыз. Алайда ата-анаңыз қарсы, олар баласының экономист болғанын қалайды. Дегенмен, осы салада білім алсаңыз, кейін мейрамхана ашуыңызға да болады.

5. Амал жоқтықтан таңдау. Мәселен, балыңыз жеткен оқу орнына бара саласыз. Бірақ өкінішке орай, осындай жолмен түскендер екінші, үшінші курстарда оқудан шығып кетіп жатады.

